

Шектеу іс-шараларын алып тастау және Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 04 ақпандағы № 10 "Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округі Дербісек елді мекені М.Әуезов көшесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 23 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 наурызда № 5524 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сарыағаш аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 18 наурыздағы № 02-05/76 ұсынысы негізінде Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Иттің құтырық ауруының ошақтарын жоюға қатысты ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округі Дербісек елді мекені М.Әуезов көшесіне шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 04 ақпандағы № 10 "Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округі Дербісек елді мекені М.Әуезов көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5393 болып тіркелген, 2020 жылы 6 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Сарыағаш ауданы Дербісек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Сарыағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сарыағаш ауданы Дербісек

ауылдық округ әкімі

Е. Есенбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК